

## ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы (балабақша / шағын орталық, мектепалды сыныбы) «Қуралай» балабақшасы

Топ: кіші жас топ

Балалардың жасы: 2 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі: 01.04 - 05.04.2024ж.

Педагогтың аты-жөні Турукпаева Кульмира

<b>Апта күндері</b>	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<b>Жұма</b>
<b>Күн тәртібі</b>					
<b>Балаларды қабылдау</b>	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дene қызын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл құймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. <b>(сөйлеуді дамыту)</b>				
<b>Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру</b>	Әңгімелесу: "2-3 жасар балалар үшін үстел ойындарын таңдау ерекшеліктері", "Ойыншықтардың материалдары мен сапасы", "Ойыншықтар не үшін керек?".				
<b>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қараша және тағы басқа әрекеттер)</b>	<b>"Еңбекке баулу"</b> Мақсат-міндеттер. Балаларға табиғат бұрышындағы өсімдіктерді суару не үшін қажет екенін айтқызу; балалардың суқұйғышты ұстап, өздігінен суаруларын	<b>"Еңбекке баулу"</b> Мақсат-міндеттер. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебін игерту: қолдарын өздігінен сабындауды, су ағымы астына қойып, уқалау қадағалау; өз орамалын тауып,	<b>"Еңбекке баулу"</b> Мақсат-міндеттер. Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтарды өз еркімен алғып, өзге баламен бөлісіп, алмасуға ынталандыру; ойын	<b>"Еңбекке баулу"</b> Мақсат-міндеттер. Үстел ойындары сөресінің шаңын сұртуге ынталандыру, ойыншықтармен тазалықта ойнау туралы түсіндіру;	<b>"Еңбекке баулу"</b> <b>Мақсаты.</b> Табиғат бұрышындағы өсімдіктердің жапырақтарын (кулгін, бальзамин) сумен бұрку үлгісін көрсету; жапырақтардың таза

	қадағалау; өсімдіктердің гүлдегенін байқату.	сұртіп, орнына іле білуге дағдыландыру; қолының тазалығын байқауға ынталандыру, мақтау.	әрекеттерін жасауды қадағалау; ойнап болғаннан кейін оыйншықты өз орнына жинау әдебін бекіту, мақтау; ойнамау себебін айтуға үйрету ("ойнап болдым").	оыйннан кейін оыйншықтарды сөрге тізімдеп қоюға, ұсақ бөлшектерді өз кораптарына сала білуге дағдыландыру; әрекеттердің барысын қадағалау, мақтау.	болғанын байқату.
	<b>Құрылыс материалдарынан құрастыру жаттығу.</b> "Зымыран". Мақсат-міндеттер. Балаларды текшелер, призма және цилиндр құрылыш материалдарынан зымыран құрылышын жасауға дағдыландыру; жасалған әрекетінен жағымды әсер ала білу қабілетін	<b>«Зымыран» жаттығуы (құрылыш материалдарынан)</b> Мақсат-міндеттер. Балаларға зымыранды текшелерден, призмалардан және цилиндрлік құрылыш материалдарынан құрастыра білуге баулу; жасалған жұмыстан жағымды әсер алу қабілетін дамыту.	<b>Тақпағын өлеңін мәнерлеп оқу.</b> Аспан, аспан, арайлым! Мағсан жиі қараймын, Сені көзben шоламын, Мен ғарышкер боламын! <b>(сөйлеуді дамыту</b> <b>және көркем әдебиет)</b>	<b>«Суретті жина»</b> дидастикалық оыйны. Мақсат-міндеттер: кескіндерден тұтас суретті құрастыруды үйрету. Шарты. Қылған бөліктерден тұтас суретті құрастырады және атауын атайды. 1. ғарыш 2. жүлдyz 3. зымыран 4. ай 5. планета	<b>Ритмикалық жаттығу</b> Біз зу-зу ұшак боламыз (саусақтарды жоғары-төмен қозғай), Моторды қыздырып аламыз (кеуде алдында бүгілген қолдарды өзара айналдыру). Қанатты тұзу жайып (қолдарды екі жаққа тік жаю), Аспанға биік ұшамыз

<p>дамыту.</p> <p>Педагог балаларға зымыранның күріліс үлгісін көрсетеді, көркем сөзді оқып береді; балалардың бірі күрілісты жасап болғаннан кейін тақпақты қосылып оқи алады.</p> <p>Биік-биік көк аспан, Көк аспанда сұр қыран.</p> <p>Қараннан да озады</p> <p>Фарыштағы зымыран.</p> <p>Зуылдайды тыныштықта, Басы үшкір, бұрыштай, Күміс түсті денесі Жылтырайды қылыштай.</p> <p>Д. Ахметова</p> <p><b>(сөйлеуді дамыту, сенсорика,</b></p>	<p>Педагог балаларға зымыран құрастырудың үлгісін көрсетеді, көркем сөз оқиды; балалардың бірі күріліс жасағаннан кейін өлең оқи алады. «Зымыранды ұшыру» ойыны</p> <p>Зымыранды ұшырамыз «У-у-у»</p> <p>Моторын қос «Р-р-р»</p> <p>Мотор от алды «У-у-у»</p> <p>Фарышқа ұштық «Ж-ж-ж»</p> <p><b>(сөйлеуді дамыту, сенсорика)</b></p>	<p>6. күн <b>(сөйлеуді дамыту, сенсорик)</b></p>	<p>(екі қолды жайып, ойын алаңында жан-жаққа жүгріп "ұшу")</p> <p>-Зуууу! Зуууу!</p> <p>Балалар педагог сонынан әуен ырғағына, сөздерге сай қимылдайды.</p> <p><b>(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)</b></p>
--	---	--	---

	<b>қоршаған ортамен тәнису)</b>				
<b>Таңертеңгі жаттығу</b>	<p><b>Жалпы дамытушы жаттығулар.</b></p> <p>1. Бастапқы қалып: жерде аяқтың арасын ашып отырып, орамалды ұшынан екі қолмен ұстай;</p> <p>1–1 орамалды жоғары көтеріп, тізеге қою;</p> <p>1–2 бастапқы қалыпқа келу (4-5 рет қайталау).</p> <p>2. Бастапқы қалып: тік тұрып, аяқты иық деңгейінде қою, орамалды екі ұшынан екі қолмен ұстай;</p> <p>2–1 еденге енкейіп, орамал ұстаған қолды еденге тигізу;</p> <p>2–2 бастапқы қалыпқа келу (3-4 рет қайталау);</p> <p>3. Бастапқы қалып: тік тұрып, аяқты иық деңгейінде қою, орамалды екі ұшынан екі қолмен ұстай;</p> <p>3–1 бір аяқты жоғары көтеріп, тіzenі бүкпеуге тырысып, орамал ұстаған қолға жақындау; екінші аяққа да осы жаттығу қайталанады.</p> <p>3–2 бастапқы қалыпқа келу (3-4 рет қайталау);</p> <p>4. Орамалды бір қолға ұстап, бірінің артынан бірі жүгіру.</p> <p>Бірінің артынан бірі жай жүріп, орамалдарды орындарына қою. <b>(дene шынықтыру)</b></p>				
<b>Таңғы ас</b>	<b>Гигиеналық дағдылар</b>				

	<p>Мақсат-міндеттер. Баланың тамақтануы кезінде баланы қолдайтын жағымды көңіл-күй тудыру. Балалардың беті - қолдарын жуғызу, таңғы асқа отырғызу. Ас ішү мәдениетімен таныстыру. Қасық, шанышқыны дұрыс қолдануға үйрету. Ас-су ішкенде сөйлемеу. Тамақтанып болған соң "рақмет" айтту. Жуыну кезінде қолдарын (алақандарын бір-біріне үйкелеу) және бетін алақандарымен жуу, ересектердің көмегімен беті-қолдарын сұрту.</p> <p><i>Көркем сез</i></p> <p>Су-өмір жүргегі</p> <p>Денсаулық тірегі.</p> <p>Шөлдесен, канасың.</p> <p>Жуынсаң, тазасың.</p> <p><b>(мәдени-гигиеналық дағдылары, көркем сез)</b></p>										
<b>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</b>	<p>Балалардың жағымды көңіл-күйлерін қамтамасыз ету үшін бәсендеде дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу.</p> <p>Фарышкер боламыз,</p> <p>Дос тауып, жұптасамыз.</p> <p>Фарышқа ұшамыз,</p> <p>Алыс жұлдыздардан асамыз.</p> <p>Алақай!</p> <p><b>(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)</b></p>										
<b>Білім беру үйимының кестесі</b> <b>бойынша үйымдастырылған іс-әрекет</b>	<table border="1"> <tr> <td><b>Дене шынықтыру</b> "Фарышқа алыс самғайық!"</td><td><b>Музыка</b> "Фарыштағы тажайып".</td><td><b>Дене шынықтыру</b> "Фарыш әлемінде".</td><td><b>Дене шынықтыру</b> "Фарыш шегіне жетейік".</td><td><b>Сенсорикадан ойын-жаттығу</b> "Фарыштағы бояулар".</td></tr> <tr> <td>Мақсат-міндеттер. Балаларды секіріп, жоғарыдағы затқа қолды жеткізуге үйрету; жоғары секіру кезінде денені кеңістікте ұстай</td><td>Мақсат-міндеттер. Балаларды әуендейтінде тұндау кезінде әндегі сөздің мағынасын түсіну және музикалық фрагментті басынан</td><td>Балаларды сапқа тұрғызып, бірінің артынан бірін қолдарындағы түрлі-түсті жалаушаларын желбіретіп жүргізу, шашырай жүгіріп</td><td>Балаларды баскетбол доп салғышына жоғары секіріп, қолды жеткізуге және жоғары секіру кезінде денені</td><td>Мақсат-міндеттер. Балаларды геометриялық пішіндерге жатпайтын пішіндер мен кескіндердің</td></tr> </table>	<b>Дене шынықтыру</b> "Фарышқа алыс самғайық!"	<b>Музыка</b> "Фарыштағы тажайып".	<b>Дене шынықтыру</b> "Фарыш әлемінде".	<b>Дене шынықтыру</b> "Фарыш шегіне жетейік".	<b>Сенсорикадан ойын-жаттығу</b> "Фарыштағы бояулар".	Мақсат-міндеттер. Балаларды секіріп, жоғарыдағы затқа қолды жеткізуге үйрету; жоғары секіру кезінде денені кеңістікте ұстай	Мақсат-міндеттер. Балаларды әуендейтінде тұндау кезінде әндегі сөздің мағынасын түсіну және музикалық фрагментті басынан	Балаларды сапқа тұрғызып, бірінің артынан бірін қолдарындағы түрлі-түсті жалаушаларын желбіретіп жүргізу, шашырай жүгіріп	Балаларды баскетбол доп салғышына жоғары секіріп, қолды жеткізуге және жоғары секіру кезінде денені	Мақсат-міндеттер. Балаларды геометриялық пішіндерге жатпайтын пішіндер мен кескіндердің
<b>Дене шынықтыру</b> "Фарышқа алыс самғайық!"	<b>Музыка</b> "Фарыштағы тажайып".	<b>Дене шынықтыру</b> "Фарыш әлемінде".	<b>Дене шынықтыру</b> "Фарыш шегіне жетейік".	<b>Сенсорикадан ойын-жаттығу</b> "Фарыштағы бояулар".							
Мақсат-міндеттер. Балаларды секіріп, жоғарыдағы затқа қолды жеткізуге үйрету; жоғары секіру кезінде денені кеңістікте ұстай	Мақсат-міндеттер. Балаларды әуендейтінде тұндау кезінде әндегі сөздің мағынасын түсіну және музикалық фрагментті басынан	Балаларды сапқа тұрғызып, бірінің артынан бірін қолдарындағы түрлі-түсті жалаушаларын желбіретіп жүргізу, шашырай жүгіріп	Балаларды баскетбол доп салғышына жоғары секіріп, қолды жеткізуге және жоғары секіру кезінде денені	Мақсат-міндеттер. Балаларды геометриялық пішіндерге жатпайтын пішіндер мен кескіндердің							

	<p>отырып, көздеген нысанадағы затқа жете білуге машиқтандыру; өз дene мүшелерін игере білу қабілетін қалыптастыру. Балалардың секіріп, жоғарыдағы затқа қолды жеткізу қабілетін дамыту; жоғары секіру кезінде денені кеңістікте ұстай отырып, көздеген нысанадағы затқа жете білу дағдыларын менгерту; жоғары секіруде қол, дene, аяқ бұлшық еттерін жетілдіру; секіру кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтай білуге үйрету.</p>	<p>аяғына дейін мүқияттыңдай білу қабілеттеріне үйрету; жоғары және тәмengі дыбыстарды ажыратып, ән айту дағдыларын қалыптастыру; ырғакты қимылдарды музыкамен бірге бастап, соңғы дыбыста бірге аяқтай білуге үйрету; би қимылдарын заттармен жасауға үйрету; музыкалық ойындағы кейіпкердің қимыл-әрекетін мазмұнды бере білу қабілеттерін қалыптастыру; саусақтардың қимылын тез ауыстыра білу дағдысына үйрету; ойындарды ережесін сақтап ойнауға</p>	<p>кіру жаттығуларын орындау; балаларға арналған баскетбол доп салғышына жоғары секіріп, қолды жеткізуге және жоғары секіру кезінде денені кеңістікте ұстай отырып, көздеген нысанадағы затқа жете білу техникасын пысықтау; көздеген нысанадағы затқа жетуде епті, жылдам, шашпаң болуға тәрбиелеу.</p>	<p>кеңістікте ұстай отырып, көздеген нысанадағы затқа жете білу техникасын пысықтау; көздеген нысанадағы затқа жетуде епті, жылдам, шашпаң болуға тәрбиелеу.</p>	<p>қасиеттерін ажырата білуге үйрету; әртүрлі заттардағы түстер сәйкестігін байқап, топтауға дағдыландыру; бірнеше түстердің қосындысы нәтижесінде жана түстердің пайда болуын байқау қасиетін қалыптастыру.</p>
--	--	---	--	--	--

		үйрету; қол-саусақ қимылдарын педагогтың көрсетуі бойынша қайталауға үйрету; тыныс алу жаттығуларын дұрыс орындаі білуге жаттықтыру; шулы музыкалық аспаптарда ырғакты ойнай білуге үйрету; ғарыш туралы түсінік беру.			
<b>Серуенге дайындық</b>	Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалалауыш арқылы табуға үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
<b>Серуен</b>	<b>Адамның жүру және секіру қимылдарын бақылау. (коршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)</b> Мақсат-міндеттер. Балалардың назарын адамның жүруі және секіруінің қимыл ерекшеліктеріне аударту; қимылды жаттығулардан	<b>Қоян ойыншығын бақылау. (коршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)</b> Мақсат-міндеттер. Балалардың көңілін қоянның сұр терісінің түсінің басқа түске өзгеру құбылысына аудару, қоянның ұзын құлағы, қимылдары	<b>Топырақты бақылау. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)</b> Мақсат-міндеттер. Балаларға топырақтың дымқыл не құрғақ болғанын көрсету, жалпы ұғымдарын қалыптастыру; құрғақ жермен	<b>Желді бақылау. (коршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)</b> Мақсат-міндеттер. Балаларды, бұтақтарға қарап, желдің болғанын байқауға үйрету; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу. - Балалар, ағаштарға	<b>Бұлтты аспанды бақылау. (коршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)</b> Мақсат-міндеттер. Балаларға күн райының бұлтты болуы туралы ұғымдар беру, аспанның түсі көгілдір емес, сұр екенін байқату,

	жағымды әсер алуға тәрбиелеу. - Кел, балақай, қатарға, Біз шығамыз сапарға. Сап түзеп, алға жүріп, Көнілді шапалак соғып. - Алақай! Алақай! - Балалар, біз қазір қандай қимылдар жасадық? Педагог сұрақ қойған сайын, қимыл үлгісін көрсетіп жатады. - Жарайсындар! Біз алдымен жүрдік, одан кейін секірдік. - Біз бір аяқпен секірдік пе? - Біз екі аяқпен секірдік. Жарайсындар! - Олай болса, жүріп те секірейікші. <b>Еңбекке баулу тапсырмалары:</b>	туралы ұғымдарын бекіту; айтылған көркем сөздерді естіп, қоянның қимылының соңынан еліктеуге ынталандыру, жасалған жаттығудан жағымды әсер ала білу қабілетін дамыту. Педагог қоян ойыншығын көрсетіп, оның сыртқы сипатын байқатады. - Балалар, біздің қонығымызды таныдыңдар ма? Бұл не? - Жарайсындар, бұл қоян. - Қоянның ұзын құлақтары бар. - Қоян құлықтарымен қалай қимылдайтынын көрсетейікші.	жүруді ұсыну. Педагог дымқыл топыраққа табанын басып, балаларға табанға балшықтың жабысқанын көрсетеді. - Балалар, біз дымқыл жерді басып жүрсек, табанымыз кірлейді. Абайлаңдар! Құрғак жермен жүрейік. <b>Еңбекке баулу тапсырмалары:</b> балаларды құмның бетін ағаштан түсіп қалған ұсақ қоқыстардан тазалауға шақыру. <b>(еңбек дағдылары)</b> Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға мүмкіндігін туралы байқату.	қарандаршы. - Бұтақтары шайқала ма? - Бұтақтары шайқалғаны нені білдіреді? - Иә, жел соғып тұр. - Жарайсындар. "Көктем тойын басти". Төнді балқып күн қызып, Жылу алды көктен жер қардың астын су бұзып, Есті жылы өкпек жел. <b>Еңбекке баулу тапсырмалары:</b> М. Жаманбалинов <b>(еңбек дағдылары)</b> Мақсат-міндеттер: балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғак бұтақтарды жинауға шақыру. <b>(еңбек дағдылары)</b> Мақсат-міндеттер: балаларды	бұлттардың сұр болса, жаңбыр жаууы мүмкіндігін туралы Аспанды тез бұлт алды, Ақ жаңбыр бір тыңбайды. Енді талдың бұтағы Бұрасан да сынбайды. М. Достанов <b>Еңбекке баулу тапсырмалары:</b> балаларды участкедегі орындықтарды қылшақтар арқылы құмнан тазалауға шақыру. <b>(еңбек дағдылары)</b> Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге,
--	--	---	---	--	--

балаларды сұхбатхананы тазалауға шақыру. <b>(енбек дағдылары)</b> Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машиқтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту.	- Қоян қалай секіретінін көрсетейікші. Жарайсындар! - Барлығымыз көрсетейікші. Жарайсындар! - Қарандаршы, қоян, бізді ойынға шақырады. <b>Еңбекке баулу тапсырмалары:</b> балаларды участкедегі орындықтарды қылشاқтар арқылы құмнан тазалауға шақыру. <b>(енбек дағдылары)</b> Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машиқтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды	әрекет етуге баулу; тазалық әдетін дамыту. <b>"Сағаттар"</b> қимылды жаттығуы. <b>(дene шынықтыру)</b> Мақсат-міндеттер. Балаларды белгілі қимылдарды жасауға жаттықтыру; сигнал бойынша сапқа жиналып, педагогтің соңынан жүргү дағдыларын жетілдіру, кеңістікті бағдарлауға үйрету; сағаттың жүрісі туралы алғашқы үғымдарды қалыптастыру, жағымды эмоцияларға бөленуге ынталандыру. Педагог балаларға сағаттың қимылын еркін тұрып	қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машиқтандыру; тазалықты сақтауға деген қызығушылықты арттыру; еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. <b>"Күн мен жаңбыр" қимылды ойыны. <b>(дene шынықтыру)</b></b>	тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту. <b>"Күн мен жаңбыр" қимылды ойыны. <b>(дene шынықтыру)</b> Мақсат-міндеттер. Балалардың "күн" және "жаңбыр" сигналды сөздер арқылы қимылдай білу қабілеттерін дамыту; жаңбыр құбылысы туралы білімдерін қалыптастыру. - Күн шықты – балалар ойнады. - Күн тығылды – жаңбыр жауды. <b>"Шенберге дәлде" ойын жаттығуы. <b>(дene шынықтыру)</b> Мақсат-міндеттер: балаларда нысанана (допты) дәлдеп ата білу, ептілік,</b></b>
---	---	--	---	---

	топтасып жиналу дағдыларын қалыптастыру; бір-біріне соғылмай жүгіруге үйрету; жағымды эмоцияларға бөленуге тәрбиелеу. Педагог балаларға құлыншақтың суретімен қалташаларды үлестіреді. - Балалар, бүгін біз құлыншақтай қимылдайықшы. - Құлыншақ шабады. Қарандаршы. Педагог құлыншақтың қимылдарын көрсетеді, балалар қайталайды. - Жарайсындар! - Ал, енді менің соңымнан тақпақты қайталап, құлыншақтай шауып	эмоцияларды дамыту. " <b>Бері шыға ғой, қоян!" қимылды ойыны.</b> (дene шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Балалардың шенбер бойымен жүріп, барлығымен топтасып, "Бері шыға ғой, қоян!" сөздерін айтып, көрсетілген қимылдарға еліктеу қабілеттерін жетілдіру. " <b>Ирелендеген жолдармен" ойын жаттығуы.</b> (дene шынықтыру)" Ирелендеген жолдармен" ойын жаттығуы. (дene шынықтыру)"	орындауға, сигнал бойынша сапқа жиналып, жүргуге шақырады, тақпақты оқи жүреді. "Тик-так". "Тик-так, тик-так," Жүрсін сағат. Біз сағатқа үқсан, Жүреміз: "тоқ-тақ". Д. Ахметова Ойын бірнеше рет еткізіледі. "Ирелендеген жолдармен" ойын жаттығуы. (дene шынықтыру)" Мақсат-міндеттер: ирелендеген жолдардың бойымен жүргуге жаттықтыру; арақашықты сақтауға баулу.	былай қымылдайды. Педагог қолдарын сәл артқа салып, шағын адымдармен жүруді көрсетеді. - Қанекей, қайталайықшы. Жарайсындар. - Ал, күшік қалай қимылдайды? Көрсетіндерші. - Жарайсындар. - Балапандар, балпандаңдар! Басқа балапандардан қалмандар! Қанқылдаймыз, қаңқылдаймыз: Қанқ-қанқ-қанқ! Қанқ-қанқ-қанқ! Ал күшігім жүгіреді, - Ап-ап-ап! Ап-ап! - үреді. - Сен, күшігім, соқтықпа! Үйректерді қорқытпа! Алғашында педагог	мергенділік қабілеттерін дамыту.
--	--	---	--	---	----------------------------------

<p>көрейік.</p> <p>"Құлыншак".</p> <p>- Құлын, құлын, құлыншак, Желкілдейді тұлымшак. Мандайында жұлдызы, Құйрығында құндызы.</p> <p>М. Жаманбалинов</p> <p><b>"Өз орнынды тап"</b></p> <p><b>құмылды ойыны.</b></p> <p>(dene шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды сапға (түзу сызық, жіп бойына) сигнал бойынша тізілуге, сигнал бойынша жан- жаққа шашырап жүгіруге дағдыландыру; зейінді болуға, шапшаңдыққа, достыққа тәрбиелеу.</p>	<p>жаттықтыру;</p> <p>арақашықты сақтауға баулу.</p>	<p>кушіктің рөлін өзі атқарады. Балалар жан-жаққа қашады. Соңғы сөздер айтылғанда бір жерге жиналады.</p> <p><b>"Көлшіктен өт"</b></p> <p><b>құмылды</b></p> <p><b>жаттығуы. (dene шынықтыру)</b></p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды бір орнынан ұзындыққа екі аяқпен алға секіре білу қабілетін қалыптастыру; тепе- тендік, ептілік, көзбен мөлшерлеу сезімдерін дамыту.</p>
---	--	---

Серуеннең оралу	<p><b>Серуеннең кейін беті-қолды сүмен тазалап жуу дағдысын бекіту.</b></p> <p>Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға қолынды жу. Жуынсаң сен әрдайым, Таза бетің, маңдайың.</p> <p><b>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</b></p>
Тұскі ас	<p><b>Гигиеналық дағдылар</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Баланың тамақтануы кезінде баланы қолдайтын жағымды көніл-күй тудыру. Балалардың беті - қолдарын жуғызу, танғы асқа отырғызу. Ас ішү мәдениетімен таныстыру. Қасық, шанышқыны дұрыс қолдануға үйрету. Ас-су ішкенде сөйлемеу. Тамақтанып болған соң "ракмет" айтуду. Жуыну кезінде қолдарын (алақандарын бір-біріне үйкелеу) және бетін алақандарымен жуу, ересектердің көмегімен беті-қолдарын сұрту.</p> <p><i>Көркем сөз</i></p> <p>Су-өмір жүргегі Денсаулық тірегі. Шөлдесен, қанасың. Жуынсан, тазасың.</p> <p><b>(мәдени-гигиеналық дағдылары, көркем сөз)</b></p>
Күндізгі үйқы	Балалардың тыныш үйінштегі тауына жағымды жағдай жасау.
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары	<p><b>Үйқылашар жаттығулары.</b></p> <p>Керует жаңындағы жаттығулар</p> <p>"Құстар"</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. "Құстар оянды". Б.қ.: аяқты сәл алшақ қою. Қолдарды жан-жаққа созу, былғау – «құстар қанат қағып жатыр».</li> <li>2. "Құстар достарын шақырып жатыр". Б.қ.: тұрып, қол белде, аяқ сәл алшақ. Оң жаққа, сол жаққа бұрылу, «Шиық-шиық» деп айтуду.</li> <li>3. "Құстар жем шұқып жатыр". Б.қ.: тұрып, аяқ сәл алшақ, қол төменде. Отыру, саусақпен еденді соғу, бастапқы қалыпқа келу.</li> <li>4. "Құстар көнілденіп жатыр". Б.қ.: тұрып, аяқ сәл алшақ, қол түсірілген. Жүріспен кезектесіп, бір орында</li> </ol>

	секіру. <b>(дene шынықтыру)</b>
Бесін ас	<p><b>"Қолды қалай дұрыс жуу керек".</b></p> <p>Сабынды қалай дұрыс ұстаяу, қолды сабындау, оны сұрту керектігін түсіндіру.</p> <p>Тәрбиеші қолды не үшін жуу керектігі жайлы сұрақ қояды. Кейін шараның орындалу ретін айтады, түсіндерме жасай отырып көрсету: Алдымен сабынның жан-жағын сипалаймыз, кейін оны сабын салғышқа салып алақанымызды сипаймыз — бірі екіншісін, енді саусақтарды айқастырып "кірпі" жасаймыз. Артынан қолды қалай сұрту керектігін көрсету.</p> <p><b>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</b></p>
<b>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</b>	<p><b>Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу</b></p> <p>"Саяхатшылар эні". Мақсат-міндеттер.</p> <p>Балаларға жиһаздар туралы түсінік беру; ойын арқылы жиһаздармен және оның түрлерімен таныстыру; жиһаз атаулары арқылы балаларды байланыстыра сөйлеуге дағдыландыру; жиһаздың күнделікті өмірдегі маңызы</p> <p><b>Аз қозғалмалы ойын «Таяқшадан өт»</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Балаларды серуендеуге, адымдауға жаттығу. Бөлменің ортасындағы еденге екі таяқ параллель қойылады (1 м қашықтықта). Бөлменің бір жағында орындықта жалаушасы бар орындық орналастырылған. Балалар бөлменің</p> <p><b>Сурет салудан ойын-жаттығу "Жұлдыздар".</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Балаларды қылқалам түгін бояуға малып, "көк аспанды" қылқаламның үшімен біркелкі қимылдар жасай отырып, нұкте қылып дактар басып, толық бояуға үйрету; қылқалам түгіндегі бояудың бітуін байқап, бояуға қайта малуға жаттықтыру; қылқалам ізі ретінде</p> <p><b>Мүсіндеуден ойын-жаттығу "Сақина".</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Балаларды ермексаздың бір бөлігінен домалатып, сопақшалап, таяқша илеп жаттықтырып, дайын таяқша үштарын бір-біріне тиғізіп қосуға үйрету; өз әрекеттерін белгілі жүйеге салуға дағдыландыру.</p> <p><b>Коршаған ортамен танысадан ойын-жаттығу "Ұшақ".</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Балаларды ұшақпен таныстыра отырып, оның басқа көліктерден маңызды айрмашылықтарын ажыраты білуге үйрету; ұшақтың негізгі бөліктерін атауға дағдыландыру.</p>

	<p>туралы ұғымдарын қалыптастыру.</p> <p>Балалардың жиһаз атаулары арқылы зейіні мен зеректігін, тілі мен есте сактауын және байқағыштығын дамыту.</p>	<p>екінші жағында. Бала таяқшалардан оларға қарай 2-3 қадам тұрады. Педагогтың нұсқауы бойынша ол бірінші таяққа барады, алдымен оның үстінен, содан кейін екінші таяқтың үстінен адымдайды. Орындыққа барып, жалаушаны көтеріп, жоғары көтеріп, толқынды оларды. Содан кейін ол жалаушаны орындыққа қойып, шегініп, орнына оралады.</p> <p>(дene шынықтыру)</p>	<p>пайда болып жатқан "жұлдыздарды" байқап, бос жерлерді қайта бояуға дағдыландыру; қылқаламды тіреушеге тіреп қою және тазалықты сактауга баулу; жұлдыздардың тұнде көрінетіні туралы түсініктер беру.</p>	<p>дамыту. Балалардың жасалған мұсінге қуануға, өзінің еңбегінің нәтижесін бағалай білуге тәрбиелеу.</p>	
<b>Балалармен жеке жұмыс</b>	<p><b>Тақпақты мәнерлеп оқу.</b></p> <p>Бір бұлт шықты бие болып,</p> <p>Бір бұлт шықты түйе болып,</p> <p>Бір бұлт шықты (мұсіндеу)</p>	<p>"Зымыран".</p> <p>Мақсат-міндеттер.</p> <p>Ермексаз кесегінен шарды илеу, бағанды есу, шымшу амалдарын игерту.</p>	<p>«Доппен ұшу» жаттығуы.</p> <p>Мақсат-міндеттер.</p> <p>Тілін, сөйлеу ырғағын және мәнерлілігін айтуды процесінде сөйлеу</p>	<p>Ойыншық итпен ойнау</p> <p>Құрал-жабдықтар: ойыншық ит.</p> <p>Тәрбиеші қолына итті ұстап:</p> <p>Күшігім менің,</p>	<p><b>«Ұшақтар» саусақ жаттығуы</b></p> <p>Қане, қанат жазайық, Ұшақ боп ұшайық.</p> <p>Ұшып - ұшып алайық,</p> <p>Орнымызға қонайық.</p>

	<p>шошқа болып, Бір бұлт шықты қошқар болып. Қ. Мырзалиев. <b>(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)</b></p>	<p><b>Артикуляциялық жаттығу.</b> - Ыш - ыш, ғарыш. - Ыз - ыз, жүлдyz. <b>(сөйлеуді дамыту) (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)</b></p>	<p>тынысын дамыту; сөйлеуді қимылдармен үйлестіру қабілеті. Құрал-жабдықтар: түрлі-түсті шарлар. Балалар қолдарында шарлармен шеңбер бойымен қозғалады және мәтінді айтады: Аспан, аспан арайлым, Саған жиі қараймын. Сені көзben шоламын, Мен ғарышкер боламын. <b>(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)</b></p>	<p>күшігім, Үй күзетер пысығым. Үргені де шамалы, Тамақ берсөн болғаны. Содан кейін ол итімен бірге әр балаға келеді, итті сипап, тамақтандыруды ұсынады. Бір кесе «қиялдағы» тағамды алып келеді. Бала итті тамақтандырады. Ит «жейді», «үреді» және «рахмет» айтады. <b>(сөйлеуді дамыту)</b></p>	<p><b>(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)</b></p>
Серуенге дайындық	<p>"Киім-кешектер мен аяқ киімді таза ұстау туралы". Мақсат-міндеттері: балаларда мәдени-гигиеналық дағдыларды, өз-өзіне қызмет ету дағдыларын қалыптастыру. Киім-кешектер мен аяқ киімдерді таза ұстаудың маңыздылығы жайлы айту, «тиянақтылық», «ұқыптылық» түсініктірімен таныстыру, киімдегі олқылықты байқауды үйрету. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</b></p>				
Серуен	<p>Тұсқі уақыттаға серуендегі бақылауды жалғастыру. <b>(қоршаган ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</b></p>				

<b>Серуенниен оралу</b>	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. ( <b>дербес қымыл әрекеті</b> )
<b>Балалардың дербес әрекеті (баяу қымылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</b>	<p>Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (<b>коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет</b>)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Кітаптардағы суреттерді қарау, ондағы таныс заттарды атау, педагогтің өтініші бойынша суреттен заттарды тауып, сұрақ қою: «Бұл кім (не)?», «Не істеді?». Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беру. Кейіпкерлердің әрекеттерін (қымылдарын) қайталатып ойнату. Суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруді дамыту.</p> <p>Музыкалық аспаптармен ойындар. Ертеңгілікке дайындық, қыс тақырыбына байланысты әндер. (<b>музыка</b>)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Қимылдарды музыкалық аспаптармен (бубенмен, сылдырмақпен, маракаспен) орындау дағдысын дамыту. Ересектің дауыс интонациясы мен аспапқа бейімделе отырып, әннің қайталанатын сөздерін, музыкалық сөз тіркестерінің соңын бірге айтуға ынталандыру. Балаларды кейбір музыкалық аспаптардың (барабан, бубен, сылдырмақ) таныстыру.</p> <p>Өнер бұрышында қыс мезгілін бояу суреттерін бояту, аққала мүсіндеу және жапсыру жұмыстарын жасау. (<b>шығармашылық дағдылар, жапсыру, мүсіндеу, сурет салу</b>)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Құрдастарымен бірге құрастыруға баулу, олармен ойнау, қарапайым құрастыру дағдыларын бекіту: үстіне, жанына қою. Қаламды үш саусақпен, қатты қыспай ұстаяу, суреттің қарапайым элементтері ретінде тік және тұйықталған дөңгелек сызықтарды қағаз бетінде жеңіл жүргізу. Мүсіндеуге арналған материалдарды қолдану, қолды дымқыл шүберекпен сұрту, дайын болған бүйімді тұғырға орналастыру, жұмыстан кейін материалдарды жинауға үйрету. Балаларды бейнелерді фланелеграфта (сызықтарда, шаршыда), қағаз бетіне қойып, құрастыруға, кескінді конструктивті тәсілмен жасауға (жекелеген бөліктерден), ересектермен бірге түстерді таңдауға (қарама-қарсы түстер) үйрету.</p> <p>Саусақ моторикасын дамытатын ойындар. (<b>сенсорика</b>)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Заттарды түсі, көлемі, пішіні бойынша өз бетінше зерттеу және салыстыруға мүмкіндік беру. Табиғат бұрышын зерттеу, қоршаған ортамен таныстыруға арналған ойындар.</p> <p>Мақсат-міндеттер. Дөрекілікке, сараңдыққа теріс көзқарас қалыптастыру; басқа балалармен бірге, келісіп ойнауға, бір-біріне көмектесуге және жетістіктеріне, әдемі ойыншықтарға бірге қуануға баулу. «Дұрыс»,</p>

	«дұрыс емес», «қауіпті» түсініктерімен, серуенде және сумен, құммен ойындарда қауіпсіздік ережелерімен (лас суды ішпеу, құмды шашпау, тастарды лақтырмау) таныстыру, өсімдіктер мен жануарларға сүйіспеншілік таныту және қамқорлық жасау.
<b>Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)</b>	Әңгімелесу: "1-2 жасар балалар үшін үстел ойындарын таңдау ерекшеліктері", "Ойыншықтардың материалдары мен сапасы", "Ойыншықтар не үшін керек?".

Тексерген Конопъянова А.К.